

Жандар Асан

«Өткеннің арты, жаңаның басы...»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы ұлт әдебиеті мен мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге тың серпін береді. Мемлекет басшысы атап өткендей, хакімнің мерейтойы тойлау үшін емес, ой-өрісіміз мен таным деңгейімізді кеңейтіп, отандастарымыздың рухани тұрғыдан дамуына ұйытқы болмақ.

Абайға бет бұру, «өткеннің арты, жаңаның басы едім» деген ұлы ақынның тағылымына терең бойлау – бүгінгі күнде үлкен маңызға ие. Абай – ұлттық болмыстың айқын үлгісі. Абай – дала даналарының барша жақсы қасиеттері мен асыл мұраларын бойына сіңіре отырып, ұлт әдебиеті мен мәдениетін хәм қоғамдық ойды баға жетпес қазыналармен байытқан дана да дара тұлға. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. Ұлы ойшылдың шығармаларының 30-дан астам тілге аударылып, өміршең өлеңдері мен пәлсапалық ойлары әлемдік әдебиеттің алтын қорына енуі бұл сөзімізге айқын дәлел.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында киіз туырлықты қазақ халқы әлеуметтік, рухани дағдарысты бастан өткерді. Біріншіден, ол үш ғасырға созылған отаршылдық қамытының бұғауынан қараша халықтың сан замандар бойы қалыптасқан жолынан жаңылды. Екіншіден, бұл кезең ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне көшу кезеңіне тұспа-тұс келді. Ұлы даладағы осындай оқиғалар мен өзгерістер ұлтқа тұтқа, ұрпаққа тұлға болатын ағартушылардың шығуына, яки олардың көпшілік қауымға өнеге беретін ағартушылық-демократиялық сипатта қалам тербеуіне түрткі болды. Бұл «мың өліп, мың тірілген» ұлттың оянуына ықпал етті. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қиын-қыстау замандар артта қалды. Тәуелсіздігімізді алдық, дербес мемлекет болдық. Егемендіктің елең-алаң кезінен бері ауқымды істер еңсерілді, елдің еңсесі көтерілді. Ұлтты ұйыстырып, әлемнің дамыған елдерінің көшіне ілесу үшін не істемек керек? Ол үшін Абай ұлағатын тереңірек зерттеп-зерделеу керек. Ол үшін Абай мұрасы – Ұлы дала өркениетінің алтын тұғырына айналуы қажет.

Президент мақаласында ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналғандығын ерекше атап өтті. Себебі сананы жаңғырту арқылы жаңа мыңжылдықта еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашылады. Бұл тұрғыда Абай мұрасының тигізер пайдасы елеулі болмақ. Мемлекет басшысы атап өткендей ұлы ақынның ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық, таусылмас қазына. Сананы жаңғыртуда Абайдың өміршең шығармаларының тигізер ықпалы зор.

«Жүрегіннің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» деп тәмсілдеген Абай туралы, оның поэзиясы жайлы аз айтылған жоқ. Десе де, бүгін мен болашақтың алтын дінгегіне айналған ойшылдың тұлғасын толық танып үлгердік деу асығыстық. Сыры мен жұмбағын ішіне бүккен шығармалары әлі де баршылық. Бұл оның тым тереңдігін аңғартса керек. Адамзаттың ақылманы ең алдымен ұлтын шексіз сүюдің қандай болатынын көрсетті. Сынады, сынау арқылы ұлтының өсіп-өркендегенін көздеді. «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз» дейді хакім. Абайдың ерекшелігі – надандықтың орнына білімпаздықты, тайталастың орнына татулықты, даңғойлықтың орнына даналықты сіңістіріп, халқымыздың рухани қасиеттерін паш еткендігі. Себебі нағыз қайраткер ғана туған елін іргелі істерге бастап, орға жығатын емес, өрге бастайтын жол іздейді.

Шындығында да «Адамзаттың Абайы» атанған ақынның әдеби мұрасы бүгінгі күнде де, болашақта да өзінің мәні мен маңызын жоймайды. Ол – ұлтымыздың рухани жаңғыру жолындағы темірқазығы һәм шамшырағы іспетті.

Қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған Қыздар университетінде Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын кеңінен дәріптеу мақсатында бірқатар шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, былтырғы оқу жылынан бастап университеттің оқу үдерісіне «Абайтану» курсы енгізілді. Бүгінде болашақ мұғалім мамандарына абайтанудың бастаулары, ақынның өмірі мен шығармашылық жолы оқытылуда. Келешек педагогтер курс барысында абайтану мәселелерінің даму бағыттарымен, оның ақындық мектебімен және хакімнің «Толық адам» философиясымен танысады. Осы орайда, Қыздар университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Руда Зайкенованың «Абайтану» атты оқулығы да жарық көрді. Оқулықта Абайдың өмірі мен шығармашылық жолы бүгінгі абайтану ғылымымен біртұтас бірлікте қарастырылады. Сонымен қатар абайтанудың бастаулары, шығыс, батыс және орыс әдебиеттерімен байланысы, ғұлама ойшылдың ғылым, білім, өнер, ел билеу, тарих, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, табиғат көрінісі, философиялық шығармаларының мән-мағынасы мен маңызы түсіндіріледі.

«Президенттің «Абайды тану – адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі» деген сөзінде терең мағына бар. Өйткені Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған жалпы білім беретін мектептің 9-10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» оқулығы мен әдістемелік «Мұғалім кітабы» оқу құралының авторы ретінде мен Абай даналығын жете меңгеру арқылы бүкіләлемдік гуманистік және ұлттық өлшемдердің адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын бағамдап, қадірлеп-қастерлеп, өмірді және адамзат құпиясын тануға болатындығына сенімдімін», деп пайымды пікір білдіреді ғалым Руда Зайкенова.

Сөзімізді тарихшы, мемлекетшіл азамат Дархан Қыдырәлінің мәйекті ойымен аяқтағым келіп отыр: «Абайдың өнегесі қашанда өзекті. Бос мақтан үшін есепсіз шашылатын түрлі той дүрмекті тыйып, дарақылықтан бойды жиып, қанағат пен қайырымдылықты, ынсап пен парасаттылықты басшылыққа алсақ, кісілік һәм ұлттық қалпымызға да жақындай түсер едік...»

// Егемен Қазақстан.- 2020.- 8 маусым